Қарыз алушыларды қайта құрылымдау шараларын қолдану мақсатында санаттарға бөлу

1-санат-уақытша қаржылық қиындықтарға тап болған қарыз алушылар (мерзімі өткен берешегі аз болған кезде).
2-санат-қиын өмірлік немесе қаржылық жағдайдағы қарыз алушылар.
3-санат-халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын қарыз алушылар (ХӘОТ);
төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккендерге.

Шарт талаптарын өзгерту (қайта құрылымдау) бойынша ломбард ұсынатын шаралар:
1-санат: микрокредитті қайтару мерзімін өзгерту; өтеу кестесін өзгерту (ол болған кезде); мирокредитті қайта қаржыландыру; елеусіз мерзімі өткен берешек болған кезде тұрақсыздық айыбының мөлшерлемесін төмендету; өзге де шаралар.
2-санат: микрокредитті қайтару мерзімін өзгерту; микрокредитті өтеу кестесін өзгерту (ол болған кезде); негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемдерді кейінге қалдыру; шарт бойынша ай сайынғы төлемді үш айға дейінгі және одан да көп мерзімге шартта белгіленген мөлшерден 50% - ға дейін азайту; берешекті өтеу әдісін және (немесе) кезектілігін өзгерту; шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту; есептелген тұрақсыздық айыбын азайту және (немесе) толық немесе ішінара жою; микрокредитті қайта қаржыландыру (ұзарту мерзімі болған кезде); қарыз алушының қаржылық жағдайын ескере отырып қалыптастырылған жеке кесте бойынша берешекті өтеу мүмкіндігін беру; өзге де шаралар
3-санат: шарт бойынша ай сайынғы төлемді кемінде 3 (үш) ай мерзімге шартта белгіленген мөлшерден кемінде 50% - ға азайту;
негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемдерді кейінге қалдыру; тұрақсыздық айыбының мөлшерін шартта белгіленген сыйақы мөлшеріне дейін азайту; есептелген тұрақсыздық айыбының ішінара немесе толық күшін жою; берешекті өтеу тәртібін немесе әдісін өзгерту;
Қазақстан Республикасының заңнамасына және ломбардтың ішкі құжаттарына қайшы келмейтін шарт талаптарына өзге де өзгерістер енгізу.

Өтінішті қарау және шарт бойынша міндеттемені орындауды кешіктірудің туындауына әкеп соққан мән-жайларды растау үшін қажетті құжаттардың тізбесі

Осы тізбе «Сейф-Ломбард» ЖШС қарыз алушыдан оның санатын растау үшін жағдайға және микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін болмауына әкеп соққан мән-жайларға байланысты сұрататын құжаттардың ықтимал түрлерін белгілейді.
1. Қарыз алушылардың санаттары бойынша-уақытша қаржылық қиындықтарға тап болған қарыз алушылар; өмірлік немесе қаржылық қиын жағдайдағы қарыз алушылар:
1) жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы анықтама және (немесе) жұмыс орнынан соңғы 6 (алты) айдағы қарыз алушының табысы туралы анықтама немесе қарыз алушының банктік шоты бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді көшірме;
2) Жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтату, жалақысы сақталмайтын демалыс беру туралы актісі немесе қарыз алушының еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы анықтама (парақ);
3) жалақының мөлшерін және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмені көрсете отырып, жұмыс орнынан анықтама;
4) қарыз алушының жүктілігіне және баланың (балалардың) тууына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыста, сондай-ақ бала 3 (үш) жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыста болғанын растайтын құжат;
5) отбасының құрамын және асырауындағы адамдардың болуын растайтын құжат;
6) Қарыз алушының және (немесе) оның жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) ауруын растайтын уақытша еңбекке жарамсыздығы туралы анықтама және (немесе) уақытша еңбекке жарамсыздық парағы, сондай-ақ Қарыз алушының жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) қайтыс болғаны туралы куәлік (анықтама);
7) жалдау ақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері көрсетілген нотариалды куәландырылған жалдау шарты;
8) жазатайым оқиға, үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері нәтижесінде қарыз алушыға материалдық залал келтірілгенін растайтын құжаттар (айналымдағы тауарларды немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін қарыз алушы пайдаланған өзге де мүлікті ұрлау);
9) форс-мажордың мән-жайларын растайтын ресми құжаттар;

10) амбулаториялық (стационарлық) науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме;
11) атқарушылық іс жүргізудің, шоттарға тыйым салудың немесе өзге де шектеулердің болуын растайтын құжаттар (қарыз алушының банктік шотына тыйым салу туралы шешім);
12) инкассалық өкім;
13) актілері;
14) ажырасу туралы куәлік (анықтама);
15) баланың туу туралы куәлігі;
16) қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлау фактісін растайтын өзге де құжаттар.

2. **Әлеуметтік осал топтарға жататын қарыз алушылар санаты бойынша мынадай құжаттар ұсынылады**:
1) егер тиісті мәліметтерді «Сейф-Ломбард» ЖШС мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ала алмаса, Қарыз алушының халықтың әлеуметтік осал топтарының (ХӘОТ) тиісті санатына жататынын растайтын құжат;
2) қарыз алушының өтініш берген айына дейінгі екі айдағы орташа айлық табысының өтініш берген айына дейінгі 12 (он екі) айдағы орташа айлық табысымен салыстырғанда 30%-дан астам төмендегенін растайтын құжаттар (мәліметтер).

Мүгедектігі бар адамдар	1) мүгедектігі туралы анықтама; 2) жалақы мөлшері көрсетілген жұмыс орнынан анықтама (еңбек қатынастары болған жағдайда).
Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған ата-аналар (заңды өкілдер)	Баланың туу туралы куәлігі және баланың мүгедектігін растайтын құжат; қажет болған жағдайда – заңды өкілдің мәртебесін растайтын құжат.
Аз қамтылған отбасылар	Атаулы әлеуметтік көмектің тағайындалғаны туралы мәліметтер немесе аз қамтылған отбасы мәртебесін растайтын өзге де құжат.
Көпбалалы отбасылар	Көпбалалы отбасы мәртебесінің бар екендігі туралы мәліметтер немесе осы мәртебені растайтын құжат.
Толық емес отбасылар	Тиісті мәртебені және отбасы құрамын растайтын құжаттар (мысалы, баланың туу туралы куәлігі, некені бұзу туралы куәлік, екінші ата-ананың қайтыс болғаны туралы куәлік, ата-ана құқықтарынан айыру, хабар-ошарсыз кетті деп тану/әрекетке қабілетсіз деп тану туралы сот шешімі және т.б. – негізіне қарай).
Зейнеткерлер / зейнеткерлікке дейінгі жастағы адамдар	Зейнеткерлік куәлік немесе зейнетақы төлемдерінің тағайындалғаны туралы мәліметтер.
Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім баланың немесе баланың мәртебесін растайтын құжаттар.
Экологиялық зілзалалардың, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарынан тұрғын үйінен айырылған белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар	Осы мәртебені растайтын тиісті мекеменің құжаты/анықтамасы.
Созылмалы аурулардың ауыр түріндегі ауру	Осы Тәртіпке 2-қосымшада көрсетілген кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерінің тізбесіне сәйкестігін анықтауға мүмкіндік беретін

	диагнозы мен аурудың ауырлық дәрежесі көрсетілген медициналық ұйымның медициналық қорытындысы (анықтамасы).
Кәмелетке толмаған балаларын, сондай-ақ жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беру немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысанында білім алып жатқан, бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейінгі балаларын асырауындағы жесір әйелдер (жесір ерлер).	1) жұбайының қайтыс болғаны туралы мәліметтер – қайтыс болу туралы куәлік немесе мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтер; 2) баланың (балалардың) тууы туралы мәліметтер – туу туралы куәлік немесе мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтер; 3) 18 жасқа толған, бірақ 23 жасқа толмаған балаларға қатысты – күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатынын растайтын білім беру ұйымының анықтамасы (мәліметтері); 4) қажет болған жағдайда – егер баланың қарыз алушының асырауында екендігі туралы фактіні мемлекеттік ақпараттық жүйелердің мәліметтерімен растау мүмкін болмаса, баланың қарыз алушының асырауында екенін растайтын құжаттар.
Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін атқару кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуға дайындық жүргізу немесе ұшуды жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқықтық тәртіпті қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары.	1) адамның қайтыс болу (қаза табу) фактісін және оның қайтыс болу (қаза табу) мән-жайларын растайтын құжат – қайтыс болу туралы куәлік және қайтыс болудың (қаза табудың) тиісті міндеттерді орындау кезінде немесе көрсетілген мән-жайларда орын алғанын растайтын уәкілетті мемлекеттік органның тиісті құжаты (анықтама, қорытынды, шешім немесе өзге де құжат); 2) қаза тапқан (қайтыс болған) адаммен туыстық байланысты растайтын құжаттар (туу туралы куәлік, неке қию туралы куәлік және туыстық дәрежесіне қарай өзге де құжаттар) немесе мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтер.
Қандастар (бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, этникалық қазақтар және (немесе) олардың қазақ ұлтына жататын отбасы мүшелері, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тиісті мәртебе алған адамдар).	Қарыз алушының халықтың әлеуметтік осал топтарының тиісті санатына жататынын растайтын құжаттар және (немесе) мәліметтер, оның ішінде «Сейф-Ломбард» ЖШС мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алатын мәліметтер
ХӘОТ-ның өзге де санаттары	Тиісті санатқа жататынын растайтын құжат
Төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен адамдар.	1) төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлардың туындау фактісін, сондай-ақ қарыз алушының өтінішінде көрсетілген мән-жайларды растайтын құжаттар; 2) мүлікке, денсаулыққа зиян келтірілгенін немесе өзге де мән-жайларды растайтын құжаттар. последствия, возникшие в результате указанных обстоятельств; 3) қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлағанын және шарт бойынша міндеттемелерді бастапқы талаптармен

	орындау мүмкін еместігін растайтын құжаттар; 4) өзге де құжаттар.